

# ФИЛОСОФИЯНЫҢ ҚЫСҚАША ТАРИХЫ. СОКРАТТАН ДЕРРИДАҒА ДЕЙІН

Рене Декарт: жүйелі күмәндану –  
философиялық әдістің бір түрі. 2-бөлім

3-тарау. Жаңа дәуір философиясы.  
Ағартушылық философиясы



## Жүйелі күмәндену әдісі

Жаңа философияны жасауға қажетті толық қауіпсіз негізге ие болу үшін Декарт күмәндануға болатынның бәрін күмәнді ой елегінен өткізу қажет деп шешті. Ол біздің сезімдеріміз алдамшы болуы мүмкін екенін ескертті. Үстелім кейде қарақоңыр, кейде ашықтау болып көрінеді; бұл жағдай көбіне жарықтың түсу бұрышына және оның түсінің ашықтығына байланысты. Үстелімнің түсін қалайша дұрыс сипаттауға болады? Адам тәнінің табиғатын қарастырғанда біз адасуымыз мүмкін. Мысалы, қандай да бір себептермен аяғынан немесе қолынан айырылған адамдар сол жоқ жерлерінің ауырғанын сезгендей болады. Оларды тән сезімдері адастырады. Математиканың зерттеу мәнін қарастыра отырып та алданып қалуға болады. Біздің бәріміз бір кездері есептен қателестік! Мүмкін мен осы дүниеде өмір сүруіме қатысты алғанда да алдаудың құрбаны шығармын? Күмән туғызбайтын нәрсе бар ма өзі? Дерек Джонстон кітабының Рене Декартқа арналған тарауы осы ойлармен басталады.

## Мен ойлаймын, демек өмір сүремін

Декарт, қанша дегенмен, күмән туғызбайтын бір нәрсенің бар екенін ашық айтты. Мен мұнда отырмын және бәріне күмәнданамын. Егер мен күмәндансам, онда мен өмір сүріп отырмын деген сөз! «Мен ойлаймын, демек, мен бармын».

Француз тілінің ең әйгілі сөз тіркестерінің бірі бүкіл әлемге өзінің латын нұсқасында таныс: «Cogito, ergo sum». Адамның өмір сүруінің ақиқаттығын ашатын осы дәлел көбіне жай ғана «Cogito» деп айтылады. Бірақ, бұл жағдайда бір мәселе туындайды: біздің білімімізден тәуелсіз өмір сүретін нәрсе бар ма? Декарт «ойлау – адамның өмір сүретінін дәлелдейтін талассыз іргелі факт» деп сендірді. Бұл – алдын ала белгілі жалғыз дәлел, әрі қарайғы пайымдаулардың бастапқы нүктесі. Осылайша дүниедегі бүкіл болмыс өмір сүрудің адам түсінігіндегі ең қарапайым формасы болып есептелетін ойлаудың бар болуына тәуелді. Декарт: «Ойлау – бірден-бір тура шындық еді», – деп қуана мәлімдеді. Оның ізбасарларының кейбірі ой – жалғыз ғана нақты дүние деп тұжырымдады! Декарт ақыл-ойды материядан да анық және айқын етті. Оның көзқарасы бойынша, менің ақыл-ойым басқалардың ақыл-ойларынан айқынырақ. «Cogito» дәлелінің дұрыс екеніне Декарт неге соншалықты сенімді болды? Себебі ол айқын және дәл еді. Декарт «ойлау» ұғымы деп нені түсінді?

## Тән және ақыл

Декарт өзін ең жоғары деңгейде ойлайтын тіршілік иесімін деп түсінді. Осыдан туындата отырып, ол өзінің жаны немесе ақыл-ойы тәннен толығымен бөлінген және оқшауланған деген қорытынды жасады. Декарттың пікірінше, тәннен гөрі жанды танып-білу және түсіну әлдеқайда оңай. Ол «жан мен тән қатар жүреді, бірақ бір-бірімен байланыссыз» деп пайымдады. Оның идеясын түсіну тәсілдерінің бірі – қатар тұрған екі оятқыш сағатты ойша елестету. Бірінші сағаттың қоңырауы жоқ, бірақ сағат тілдері бар. Екінші сағаттың, керісінше сағат тілі жоқ, бірақ қоңырауы бар. Бірінші оятқыш белгілі бір уақытты көрсеткенде, екінші сағаттың қоңырауы сыңғырлайды. Алайда олар бір-бірімен байланыссыз. Ақыл-ой мен тән де солай. Олардың бір-бірімен байланысы жоқ, бірақ бірге өмір сүреді.

«Бір кесек балауызды көз алдыңызға елестетіңіз, – дейді Декарт, – оның сипатын қол тигізу арқылы айқындауға болады. Бұл сипаттар әртүрлі жағдайға байланысты өзгереді: балауызды қыздырсаңыз, ол жұмсарады, салқындатсаңыз, қатаяды. Сипаттың түрліше өзгеруі дәл осы балауызға тікелей қатысты дегенді білдірмейді. Біздің алдымызда балауыз тұрғанын біз ақылымызбен түсінуіміз керек, бірақ сезім арқылы қабылдамаймыз. Сондықтан қандай да бір құбылыс немесе зат туралы білім сезім арқылы емес, ақыл-ойдың көмегімен пайда болады.



## Құдайдың бар екенін дәлелдеу

Декарт сыртқы дүниеге қатыстының бәріне күмәнмен қарады. Ол тек өзінің нақты өмір сүріп отырғанын ғана терістемеді, себебі оның негізі – өзінің ойлау қызметін жүзеге асырып отырғаны. Оның бар болып, өмір сүріп отырғаны ойлау процесімен дәлелдене алады. Ал сезімнің көмегімен қабылданатын нақты дүниеге қатысты не айта аламыз? Оның өмір сүріп отырғаны да көрнекі дәлелденуі тиіс. Декарт нақты дүниенің өмір сүретінін Құдай ұғымына жүгіне отырып дәлелдеді. Айналадағыларды алдамайтын кемел тіршілік иесінің бар болуы ғана оны сыртқы дүниенің өмір сүруі елес емес екеніне сендірді. Декарттың Құдайға сенімі қандай философиялық принциптерге негізделді? «Егер адам бірдеңеге күмәнданса, ол өзі күмәнданып тұрған нәрсенің жетілмегенінен», – дейді Декарт. Біз қателік жасағанымызды түсінген сәтте ғана жетілмегенімізді санамызбен ұғынамыз. Бірдеңенің жетілмегені туралы хабардар екеніміздің өзі жетілген кемелдік идеясының бар екенін білдіреді. Кемелдік идеясы жетілмеген мәнде пайда бола алмайды. Шексіз және жетілген жан иесі ғана кемелдік идеясын тудыра алады.

Жоғарыда көрсетілген түсініктердің бәрі – алғаш рет Кентерберилік Ансельм ұсынған ортағасырлық ескі идеяның бір нұсқасы ғана. Бұл идеяның мәні мынада: бар болу, өмір сүру – кемелдіктің ажырамас бөлігі. Егер де бірдеңе жетілген бола тұра дүниеде өмір сүрмесе, онда оның онша кемел болмағаны, яғни жетілген зат міндетті түрде өмір сүруі тиіс, олай болмаған жағдайда бұл заттың болмысы Декарт ұсынған ұғымдарға қайшы келеді. Бұл Құдайдың бар екенінің онтологиялық дәлелі деп аталады. Жетілмеген тіршілік иесі, мысалы, адам, әрине, жетілген тіршілік иесінің, мысалы, Құдайдың билігінде. Жетілмеген тіршілік иелері өз болмысының ең басынан бастап және уақыттың әр кезекті сәтінде жетілген тіршілік иесіне тәуелді.

## Рационализм дегеніміз не?

Декарт рационалист философ болды. Рационалистер эмпириктерге қарсы қойылады. Рационализм дегеніміз не?

Кез келген жағдайда ақиқат болатын белгілі бір тұжырымдар бар – олар жалған бола алмайды. Сонымен қатар, міндетті түрде жалған болып саналатын тұжырымдар бар. Мысал келтірейік: «Адам бір уақытта екі жерде бола алмайды». Бұл – сөзсіз ақиқат. Оны ақиқат етіп тұрған не? Себебі бұл бізге априори белгілі. Басқа сөзбен айтқанда, осы тұжырым барлық жағдайда да ақиқат болуы тиіс. Осы тұжырымның мағынасы туралы ойдың өзі оның ақиқаттығын көрсетіп отырады.

Басқа бір тұжырымдар ақиқат болуы мүмкін. Бірақ олардың ақиқаттығы әуелден ықтимал ғана және белгілі бір жағдайларға тәуелді. Сіз осы кітапты оқып отырған уақытта бөлмеде неше адам бар? Сан әртүрлі болуы мүмкін. Сөзсіз ақиқат болуы тиіс бір де бір сан жоқ. Кітаптан басыңызды көтеріп, санап шығыңыз! Қазір сізбен бір бөлмеде отырған адамдардың санын соның көмегімен анықтауға болатын жалғыз тәсіл – осы. Мұның бәрі осы сәтте сізбен бір бөлмеде отырған адамдардың саны сізге апостериори белгілі дегенді білдіреді: сіз санын анықтадыңыз және осыған дейін қойылған сұраққа жауап бере аласыз. Априори тұжырым жағдайында кітап оқуыңызды үзіп, адамдарды санамай-ақ қоюыңызға болатын еді. Осындай тұжырымның ақиқат немесе жалған болуы тиіс екені сізге алдын ала белгілі. Орныңыздан тұру және санау – эмпирикалық тексерудің мысалы. Априори тұжырымдар эмпирикалық тексеруді қажет етпейді.

Априори тұжырымдар бізге жаңа ақпарат бере ме, әлде жай ғана бір кездері айтылғанды анықтаудың тағы да бір тәсілі ме? Осындай тұжырымдар аналитикалық деп аталады: «Ит дегеніміз – ит. Шаршының төрт жағы бар. Төртаяқты жануардың төрт аяғы бар». Бұл тұжырымдар ертеректе айтылған және бізге жақсы таныс ақпаратты қайталап айтады. Біз квадраттың төрт жағы бар екені туралы да, төрт аяқты жануардың төрт аяғы барын да бұрыннан білеміз. Аналитикалық тұжырымдар бізге белгілі нәрсені түрлі сөзбен қайталап айтып қана қояды.



Олар бізге жаңа ақпарат бермейді.

Синтездік тұжырымдарда біз үшін жаңа ақпарат бар: «Америка Құрама Штаттарына 50 штат кіреді. Наполеон 1815 жылы жеңіліске ұшырады. Тәж Маһал Үнді жерінде орналасқан». Осы тұжырымдардың ешқайсысы біз бір кездері алған мәліметтерді қайта баяндамайды дейді Джонстон. Бұл тұжырымдардың ақиқат болуы міндетті емес. Олардың бәрі бізге ақпарат беріп қана қояды және синтездік тұжырымдардың қатарына жатады.

Синтездік тұжырымдардың бәрі апостериори жолмен ұғынылатын ықтимал тұжырымдар ғана ма? Алдын ала анықталған, бізге априори белгілі синтездік тұжырымдар бар ма? Бізге жаңа ақпарат беретін, бірақ міндетті түрде ақиқат болуы тиіс синтездік тұжырымдар бар ма? Эмпириктер синтездік априори тұжырымдар мүлдем жоқ деп пайымдайды. Рационалистердің пікірінше, синтездік априори тұжырымдар бар. Рационалистер әртүрлі заттар туралы белгілі бір білімді өмірлік тәжірибемізден аламыз дейді: бірақ оларды осылай алған соң «ақылдың алғырлығының» көмегімен осы заттарды алдын ала қалай елестетсек, шынында да, сондай екенін көреміз. Декарт рационалистік көзқарастарды көбірек ұстанды. Ол, шындығында, заманауи рационалистік дәстүрдің өкілі болған алғашқы ұлы ойшыл еді.

## Декарттың болмыс туралы ілімі

Онтология – бар болып отырғанның бәрінің болмысы туралы ілім.

Болмыс – өмір сүретіндердің әртүрлілігі мен тұтастай әлемнің бар болуының негізін бекітетін философиялық категория, яғни тіршілік ету, бар болу қасиеттерін жинақтаған бүкіл әлем, ондағы заттар мен құбылыстар, идеялар дүниесі. Ол кейде «дүние», «әлем» түсініктерімен сәйкес, синоним ретінде де қолданылады. Бірақ «болмыс» атауында оның бар болуына, тіршілік етуіне, осы әлемге қатысуына баса назар аударылса, «әлем», «дүние» сияқты түсініктер болмыстың шынайы түзілімінің тұтастығын бейнелеу үшін алынады. Мәселен, әлемдегі болмыс – әлемнің бар болу, өмір сүруін бекіте түссе, «әлем болмысы» сол әлемнің шынайлығы мен жалпы болуға қатысуын анықтай түседі, яғни болмыс, жалпы алғанда, ол мейлі материалдық немесе руханилық болсын, тұтас қамтитын философиялық категория болып табылады.

Болмыс кең көлемді ұғым. Ол материя мен рухты бірдей қамтиды, өйткені дүниеде кең түрде алып қарағанда екі-ақ нәрсе өмір сүреді – ол, бір жағынан, материя, яғни өлі және тірі табиғат болатын болса, екінші жағынан, материалдық емес – идея, сана, рух. Олай болса, болмыс ұғымы дүниеде өмір сүріп жатқанның бәрін қамтитын кең көлемді философиялық категория болып шығады.

Материяға – біртұтастық, яғни бүтіндік және құрылымдылық, біркелкілік тән. Болмыс дүниедегі бардың, өмір сүретіннің бірлігін, тұтастығын белгілесе, материя дүниенің материалдық негізінің бірлігін белгілейтін философиялық категория. Материя ол түйсіктеріміз арқылы мәлім болатын, бірақ адам санасынан тыс, одан тәуелсіз өмір сүретін объективтік шынайылық. Материяның өмір сүру тәсілі – қозғалыс. Қозғалыс дегеніміз – кез келген өзгеріс.

Ежелгі мәдениетте болмыс көбінесе нақтылы зат немесе оны құрайтын түпкі бөлшектермен теңестірілген, яғни болмыс субстрат ретінде қарастырылды, заттар, құбылыстардың ортақ негізін, бәрі осыдан жасалған дегенді білдірді. Кейін болмыс, мысалы Қайта Өрлеу дәуірінде жалпы табиғаттың синониміне айналды. Жаңа заман философиясында болмыс өзінен-өзі туындайтын субстанция кейпіне ауысты, яғни болмыс дегеніміз – бар нәрсе. Бірақ ол сезімдік таным арқылы толықтай танып білу мүмкін емес, көз алдымыздағыдан бөлек, мәнісін таза ой, зерде арқылы ғана бағамдауға болатын шынайы дүние. Бұл шынайылықты алғаш рет гректер ашқан. Философияда оны онтология, яғни болмыс туралы ілім дейді. Болмыс мәселесі келесі сұрақтарға жауап беруден келіп туындайды: Әлем дегеніміз не? Ол қашан пайда болды? Ол қалай жаралған? Не тіршілік етеді? Қайда тіршілік етеді? Қанша уақыт тіршілік етеді? Жеке заттар, организмдер, адамдардың тіршілік еткеніне қанша уақыт?

Декарт шығармашылығында оның болмыс туралы ілімінің орны ерекше. Оның орталық категориясы субстанция болып табылады. Субстанция – лат. substantia – мән, мәнділік, заттар мен құбылыстардың ең әуелгі бастапқы негізінде жатқан әлдене деген мағынаны білдіреді.



Субстанция деп Декарт өзінің бар болуы үшін өзінен басқа ештеңеге де мұқтаж емес, барша мәнділікті атайды. Ол идея да, сондай-ақ физикалық дене де болуы мүмкін. Бірақ Декарттың пайымдауындағы ең терең де, қатаң мағынасындағы субстанция ұғымы ең ұлы әрі мәңгі, бір мезетте барлық жерде бола алатын Құдай ғана бола алады. Ол барлық заттарды жаратушы, сондай-ақ, ақиқат пен ізгілік атаулының бастауы. Жаратылған әлемге субстанция ұғымын тек шартты түрде қолдануға болады. Барша жаратылған әлемді Декарт рухани және материалдық болып табылатын екі субстанцияға бөледі.

Егер рухани субстанцияның басты ерекшелігі оның біртұтастығы, бөлінбейтіндігі болса, материалдық субстанцияның ерекшелігі сол, ол керісінше, шексіз бөліне береді. Рухани субстанцияның бөлінбейтін басты қасиеті – ойлау болса, материалдық субстанцияның атрибуты – кеңістікке көсілу болып табылады. Субстанцияның басқа қасиеттері осы екі негізгі атрибуттан туындайтын қасиеттерге жатады. Олар модустар деп аталады. Мәселен, ойлаудың модустарына – елестету, сезім, түйсік, қалау жатса, кеңістікке көсілудің модустарына – пішін, орын және қозғалыс т.б. жатады.

Декарттың ойынша адамда басты екі субстанция да бар. Олардың бір-бірінен айырмашылығы адамның денесі мен рухани болмысының ерекшеліктеріне байланысты. Бірі, яғни тәні – кеңістікке көсілетін денелік субстанция болса, екіншісі, жаны, ойлайтын – рухани субстанция болып табылады. Олардың екеуі де бір-бірінен тәуелсіз, тең дәрежелі болып есептеледі. Осыдан да Декарттың дуализмін анық көруге болады.

Бұл көзқарасқа сәйкес Декарт адамды екіге бөлінген әлжуаз тіршілік иесі деп есептейді. Бірақ ол ақыл-ойының арқасында өзін күшейтіп, асқақтата алады. Ал мұны жүзеге асыру үшін ең дұрыс деген әдістің көмегі қажет.

Егер Фрэнсис Бэкон адам ақыл-ойының адасушылықтарға бейім екенін айтса, Декарт адам санасына тән туа бітті идеялардың болатынын алға тартады.

«Бұл идеяларды, – дейді, – Декарт, үйрену мүмкін емес, олар тәжірибе жүзінде алынбайды. Олар рухани субстанцияға әуелден тән туа бітті идеяларға жатады. Осы туа бітті идеяларға Декарт: а) ұғым; б) аксиома-пайымды жатқызады.

Декарттың туа бітті идеялар туралы ілімі Платонның таным теориясындағы білім деп жанның идеялар әлемінде жүріп көргендерін еске түсіруін айтатын ойларымен сабақтас түсінік. Ерекшелігі сол, Декарт идеялардың туа бітті болатынын түсіндіргенде олардың, яғни идеялардың, ойдың ең бастапқыда эмбриональді жағдайда, жаңадан өне бастаған сипатта болатынын айтады. Олардың айқындалуы үшін ересек адамдарға ғана тән ақыл-ойдың табиғи нұрландырып, сәулемен жарықтандыратын зеректігі қажет. Мұндағы Декарттың туа бітті идеялар болады деген ойларымен келісу қиын. Дегенмен ойшылдың туа бітті идеялар деп, адам баласының ешқашан білімді болып, іштен оқып тумайтынын ескергеннің өзінде, оның табиғатында айқын білім деңгейінде болмаса да, ақпарат күйіндегі адам баласының ғасырлар бойы жинақтаған тәжірибесінің жазылатынын топшылап отырғанын байқауға болады.

## Декарттың адам туралы ойлары және этикасы

Болмыс мәселесінде Декарттың дуалистік көзқараста болғаны белгілі, яғни оның пікірінше, дүние бір-біріне тәуелсіз екі субстанциядан тұрады. Олардың бірі материя болса, екіншісі рух. Бұл бір-біріне тәуелсіз жатқан екі субстанция адам мәселесіне келгенде үлкен қиындықтарды тудырады. Қалайша адамның денесі оның рухына, жан-дүниесіне, ал соңғы оның денесіне үйлесімді әсерін тигізе алады? Зерттеушілердің пікірінше, оны өз кезегінде жаратылыстану тұрғысынан түсіндіре алмаған Декарт Құдай идеясына келуге мәжбүр болады. Оның ойынша, тек Құдай ғана дене мен ойдың үйлесімді қарым-қатынасын тудыра алады. Бірақ Декарт өзінің космогониялық, яғни ғарыштың пайда болуы туралы болжамында Құдайдың рөлін тек қана материяны жаратып, оны алғаш рет қозғап жіберумен шектейді. Ары қарай дүние өзінің табиғи заңдылықтарының негізінде дамиды. Құйын сияқты қозғалған материалдық бөлшектер қыза келе жұлдыздарға, Күнге айналады. Екінші ұсақ дөңгелек қозғалғыш элементтерден аспан пайда болса, ең соңында аз қозғалатын үлкен бөлшектер бір-бірімен қосылып, Жер және басқа да планеталардың денесін құрайды.





Ал жер бетіндегі тіршілікке келгенде Декарт бұрынғы философиядағы гилозаистік көзқарастардан бас тартады.

Аристотель болжаған өсімдік пен сезімдік жан өмір сүреді деген көзқарасты да Декарт жоққа шығарады. Оған себеп болған 1628 жылғы Гарвейдің ашқан қан айналымы болса керек.

Соған сәйкес, Декарт жануардың өмірлік мүшесі – ол оның жүрегі деген пікірге келеді. Ол ғылымда алғашқы болып, жануарлардың сыртқы әсерге жасайтын ішкі реакциясының механизмін ашты. Оның ойынша, сыртқы әсерді миға жеткізетін артериялар ішінде қозғалатын ең ұсақ қан бөлшектері. Әрине, бүгінгі физиология ғылымының тұрғысынан, мұндай пікірді тұрпайы деп бағалауға болар еді. Бірақ шартсыз рефлексстің алғашқы болжамын жасаған Рене Декарт екені даусыз. Ол жануарларды, сол кездегі механистік көзқарасқа сәйкес, өте күрделі машиналар деп есептейді. Адам дене ретінде жануар әлеміне жақын, бірақ Декарттың пікірінше адамның жануардан айырмашылығы ол мақсатқа лайықты іс-әрекет жасай алады. Ол қандай да болсын сырттағы қалыптасқан ахуалға үйлесімді жауап бере алады, өйткені ол бәрін ақыл-ой елегінен өткізіп, шешімін табады. «Адамның ақыл-ойы, зердесі жан-жақты құрал» дейді Декарт. Адамның екінші ерекшелігі ол сөйлей алатын тіршілік иесі. Олай болса, адамның басқа тіршілік иелерінен негізгі айырмашылығы оның рухында.

Декарттың этикалық көзқарастары адамның құмарту сезімдерімен байланысты түрде қаралады. Олардың бәрін негізгі алты сезімге әкеліп теңеуге болады. Олар таңғалу, сүю, жек көру, қалау, қуану мен қайғыру. Олардың көбі адамның сезімдік заттарға деген құштарлығынан туады да, адамның жан дүниесін зардапқа салады. Ақыл-ой арқылы оларды жою мүмкін емес. Олай болса, олардың бәрін адамның жан дүниесіне сәйкес келетін бір құмартумен алмастыру керек. Ол қандай құмарту сезімі болуы керек деген сұраққа ойшыл өзінше жауап береді. Оның ойынша, ол дүниетануға деген жанның құмартуы, адамның дүниедегі құбылыстарға қызығушылықпен қарауы.

## Түйін

Бұрынғы философиялық дәстүрлерден біржола қол үзуге бел байлағанына қарамастан, Декарт ортағасырлық схоластикалық философияның бірқатар ұғымдарын қабыл алды. Бұл оның сыртқы дүниенің физикалық объектілерінің өмір сүретініне сенімділігін дәлелдеу үшін Құдай идеясын қолданғанынан көрінеді. Десек те оның философиясының өзегі жаңашыл, радикалды, батыл болды. Оның анализ, синтез, ойлардың айқындығы, сонымен қатар қарапайымнан күрделіге қарай логикалық алға жылжу ережелері бұрынғыша пайдалы. Ойлау процесі аясында өте рационалды және жүйелі болып көрінетін кез келген адамды біз әлі күнге дейін картезиандық көзқарасқа ие адам деп түсінеміз. Бірақ Декарттың ережелерін ойлауды шектейтін қатып қалған шеңбер сипатында емес, өз ой қызметімізді іске асыру жолындағы тірек ретінде қолдануымыз керек. Бәрін бірдей күмән елегінен өткізу мүмкін емес. Декарт кез келген радикалды скептикке қалай жауап беру керегін білді. Егер адам бәріне күмәнданса, оның сұрақтары мән-мағынасын жоғалтады. Күмән тоқтайтын нүкте, шек болуы тиіс. Осы нүкте – оған күмәндануға болмайтын факт және олар туралы сұрақ туындамайтын логикалық ережелер. Басқа ойшылдардың осыған ұқсас мәселелерді қарастырудағы ұстанымдарына назар аударыңыз. Олар күмәнданудан өткізу мүмкін емес фактілерді және күмән туғызбайтын логикалық ережелерді таба алды ма? Декарттың тән мен ақыл-ойды түбегейлі бөлуі жан тәннен тәуелсіз өмір сүреді деген пікірге итермелейді. Осы көзқарасты сол кездегі христиандық ой қолдауы тиіс еді. Бірақ мұндай бөлу нақты өмірлік бақылауларға, адами тәжірибеге, әсіресе заманауи психология жинақтаған тәжірибеге сәйкес келмейді.

Ұлы математик, философ және теолог Альфред Норт Уайтхед бірде былай деген: «Антика дүниесінің еңбегі – оның адам санасына дүниенің трагедиясын сезінуді бергенінде, ал қазіргі заман қоғамға адам жанының ішкі трагедиясын көрсетті».

Бұл жетілдіру болып санала ма? Мұның біз үшін, жиырма бірінші ғасыр адамдары үшін маңызы қандай? Рене Декарт ақыл-ойды материядан және менің ақыл-ойымды басқалардың зердесінен әлдеқайда маңызды етті!



## Қорытынды

Декарт ойлауды өте көлемді де кең түрде түсінеді. Ойлана алатын зат күмәнданады, түсінеді, қабылдайды, тұжырымдайды, теріске шығарады, қиялданады, сезінеді, керек қылады тағысын тағы. Ең ақыр аяғы, ұйқы кезіндегі түс көрудің өзі ойлаудан шығады. Адамның танымдық іс-әрекеті Декарттың ойынша үш идея тобынан тұрады. Біріншісі – сырттан қабылданатын сезімдік мүшелерге өзінің әсерін тигізетін идеялар. Мысалы, Күн идеясы, ол әрбір адамның санасында бар. Екінші – адамның ақыл-ойындағы идеялар. Олар сырттан қабылданған әсерді өзгерту арқылы пайда болуы мүмкін. Соңғы үшінші идеялар – олар бізбен туа біткен, ең маңызды, таным барысында шешуші рөл атқарады. Оған адам интеллектуалды интуиция арқылы жетеді. Ал оған жеткізетін адамның жан дүниесіндегі табиғи ақыл сәулесі. Туа біткен идеялардың ерекшеліктері олар сыртқы заттардан толығынан дербес, анық, тұрпайы, адамның еркіне тәуелсіз. Бұған мысал ретінде Декарт «екі шама үшіншіге тең болса, онда бір-бірімен де тең», «ештеңеден ештеңе пайда болмайды», «бір нәрсенің белгілі бір уақытта болуы мен болмауы мүмкін емес» т.с.с. жатқызады.

Қорыта айтқанда, Декарт философияны, сондай-ақ оның басты проблемасы болмыс мәселесін қарастырғанда, оның мәні – субстанция екені туралы айтты. Субстанция дүниеде бардың бәрі, өз тіршілік етуінде басқаға еш сүйенбейді, тек өзіне-өзі ғана тәуелді. Ең жоғары субстанция – Құдай, ал жаратылған субстанциялар оның туындысы және оған тәуелді.

Жалғыз тіршілік иесі ретінде адамда ғана екі субстанция бірігеді. Бұл оған табиғат әлемінен жоғары көтерілуге мүмкіндік береді. Себебі барлық рухани субстанцияның бастапқы да, ең мәнді қасиеті ойлау. Декарттың көзқарасы бойынша философияның негізгі мәселесінің шешілуіне байланысты – не бірінші материя ма, жоқ сана ма деген пікір таласының жөні жоқ. Олар әр уақытта бірге өмір сүреді және де біртұтас болмыстың әртүрлі көріністері болып табылады. Осы дуалистік көзқарасы арқылы Декарт дүниенің негізі бірінен-бірі тәуелсіз екі бастамадан, яғни рух пен материядан тұрады, – дей отырып, – материализм мен идеализмді үйлестіруге тырысты.